

# ДИПЛОМАТИЯ: КОММУНИКАЦИЯ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘРТІП НЕГІЗДЕРІ

Халықаралық тәртіп





Әлемдік саясат деп мемлекеттердің және басқа халықаралық субъектілердің әлемдік саханадағы іс-әрекетінің жиынтығын айтамыз. Ол әлемдік қауымдастықтың өміріне қатысты шешімдерді шығару, қабылдау және оларды жүзеге асыруды, мемлекеттердің түбегейлі мүдделеріне сәйкес ұстанымдар мен мақсаттарды қамтиды.

Халықаралық қатынастар тақырыбында жиі қолданылатын ұғымдар – сыртқы саясат, халықаралық саясат, халықаралық қатынастар. Сыртқы саясатқа жеке мемлекеттердің дүниежүзілік дәрежеде жүргізген іс-әрекеттері жатады. Халықаралық саясатқа мемлекеттік не топтық мүдделерді жүзеге асыруға бағытталған мемлекеттер, жеке адамдар және т.б. арасындағы қоғамдық қатынастар кіреді. Бұл ұғымдардың айырмашылықтары, біріншіден, халықаралық қатынас субъектілерінің саны көбеюімен байланысты. Екіншіден, халықаралық қатынастарда сыртқы және халықаралық саясаттардың негізгі, түпкі бастамасы, принциптері қаланады. Мемлекеттің халықаралық қатынастардағы жағдайы, ондағы орны көптеген себептерге байланысты. Олардың ішіндегі ең маңыздысы – мемлекет күшінің арақатынасы, арасалмағы. Көптеген жылдар бойы мемлекеттің күші оның әскери қуатында деп саналды. Сонымен бірге, қазіргі таңда мемлекеттің күші көптеген көрсеткіштермен бағаланады. Оған мемлекеттің жер көлемі, адам саны, табиғи байлығы, өнеркәсіп және ауылшаруашылық өндірісінің мөлшері мен сапасы, мемлекет құрылысының сипаты, әлеуметтік-саяси, ғылыми-техникалық, рухани, мәдени даму дәрежесі және т.б. кіреді.

Халықаралық саясатта әртүрлі теориялар мен тұжырымдар қалыптасқан. Мәселен, идеализм, саяси реализм, модернизм, жаһандану, неомарксизм теориялары. Идеализмнің идеалық тамыры Э. Канттың философиясында, ол адамзат бейбіт өзара әрекеттесуге жетеді деп санады. Кант адамның моралдық жетілуі әлемдік қауымдастықтың моралдық саяси тұтастығы сезімін тудырады деп санады. Идеализм теориясының жақтастары мемлекеттер арасындағы әлемдік соғыстар мен әскери қақтығыстарды құқықтық реттеу мен халықаралық қатынастарды демократияландыру, адамгершілік пен әділеттілік нормалар, халықаралық ұйымдардың рөлі мен халықаралық әріптестікті күшейту арқылы тоқтату қажет және мүмкін деп санады. Бұл мақсатқа ерікті қарусыздану мен соғыстан бас тартуға негізделген ұжымдық қауіпсіздік жүйесін құру арқылы жетуге болады деп санады.

Идеализм бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі АҚШ президент Вудро Вильсонның Ұлттар Лигасын құру бағдарламасында бейнеленді. Идеализм идеясы ұзақ уақыт бойы үмітсіз, ақиқат өмірден алыста болды. Оның дәлелі ХХ ғасырдың 30 жылдарындағы Еуропадағы оқиғалар, фашизмнің саясаты, Ұлттар Лигасының құлауы мен ІІ д.ж.соғыс. Бұл халықаралық қатынастар теориясында жаңа ағым реализмнің пайда болуына алып келді. Бұл бағыт жақтастары «күш», «күштер теңдігі», «шиеленіс» деген ұғымдарды ендірді. Реализмнің идеалық қайнар көзі ХVІІ ғ. ағылшын философы Т. Гоббстың «саясаттың мәні жауласушы қоршаған ортада қауіпсіздік үшін күрес» деген пікірі болды.

Реализм ІІ ші д.ж. соғыс біткен соң АҚШ тың халықаралық саясатының жетекші теориясы болды және европалық кейбір елдерге де тарады. Бұл теорияның классиктері Г. Моргентхау «Ұлттар арасындағы саяси қатынастар» (1948 ж.), Р. Арон «Бейбітшілік және соғыс», Дж. Херцтің «Ядролық ғасырдағы халықаралық қатынастар» болды. Реалистер халықаралық қатынастарды әскери күш арқылы өлшеуге көп назар аударды. «Суық соғыс» саясаты қалыптасты. ХХ ғ. 80–90-жылдары жаһандану жағдайында социализмнің құлауы халықаралық қатынастарға күшті ықпал етті. Кейбір реалистер өздерінің теориялары біржақты болғандығын түсінді. 1979 жылы Кеннет Уолтцтың «Халықаралық саясат теориясы» кітабы шықты, онда реализм теориясына кейбір өзгерістер енгізілді, бұл «неореализм» мектебінің қалыптасуының бастамасы болды. Неореалистер жаңа халықаралық қатынастар жүйесі көпжақты, әскеримен қатар экономикалық, саяси және әлеуметтік те, қажеттіліктер де бар деп санады.

«Модернизм» теориясының өкілдері реализмді әлемдік саясатта әскери стратегиялық аспектіні шешуші деп санағаны үшін сынға алды. Бұл бағыт компьютерлік техника мен мәліметтерді жинау мен математикалық талдауды қолдануға жол ашты. «Жаһандану» парадигмасы халықаралық қатынастарды талдауда халықаралық акторлар шеңберін ауқымды алды. Реалистерді халықаралық қатынастарды ұлттық мемлекеттер мен ұлттық қауіпсіздік арқылы қарастырады деп кінәлады. «Неомарксизм» жақтастары әлсіз дамыған мемлекеттердің дамыған мемлекеттерге экономикалық тәуелділігін, олар арзан жұмыс күші мен экономикалық



дағдарысқа ұшырамау үшін тауар өткізу көздері болып табылады деп санады. Бұл бағыт халықаралық қатынастарды кедейлер мен байлардың күресі негізінде талдады. Олар да модернистер сияқты көпұлтты бизнес пен трансұлттық коалициялар мен элитарлық топтар туралы айтты. Соңғы жылдары мәдени-өркениеттер қақтығысы атты теория танымал, авторы С. Хантингтон. Ол қазіргі халықаралық қатынастар жүйесі бірнеше кезеңдерден: монархтар, ұлттық мемлекеттер, идеологияны алып жүрушілер арасындағы жанжалдардан өтті деп санады.

Хантингтон «Қырғиқабақ» аяқталған соң дін, философия, тарихи тәжірибе, тіл мен өмір сүру салтын бейнелейтін мәдени-өркениеттер екшелігі маңызды болады деп санады. С. Хантингтон: «Қазіргі әлемдегі негізгі мәдени-өркениеттің бірнеше блоктарын: батыстық, иудо-христиандық, конфуциандық, исламдық, индуистік, православияндық, латынамерикалық, африкалық». С. Хантингтон өркениеттер қақтығысының бірнеше себептерін атады:

1. Әртүрлі өркениеттерде адамдар құдай мен адам, жеке тұлға мен қоғам, құқық пен міндет, бостандық пен билік, теңдік пен теңсіздік деген ұғымдарды атап өтті.

2. Өркениеттік блоктар арасындағы алшақтық қысқаруда, әлем бір шама жақындасуда, сондықтан бұл айырмашылықтар бір-бірімен қақтығысуда;

3. Жаһандық экономикалық және техникалық модернизациялау процесі адамдарды ұлттан ажыратуда. Осыған жауап ретінде өркениеттік, көбіне діни сәйкестікті сақтау мен қалпына келтіруге деген талпыныс күшеюде.

Халықаралық қатынас пен байланыстытағы бір ұғым «ұлттық мүдде». Ұлттық мүдде деп өз халқының, мемлекеттің мақсат мүддесін сезіп, біліп оны іске асыруға тырысушылықты айтады. Американдық ғалымы Г. Моргентау 1969 жылы «Америка Құрама Штаттары үшін сыртқы саясат» деген еңбегінде АҚШ сыртқы саясатта ең алдымен ұлттық мүддесін бірінші кезекке қоюы керек деп есептейді. АҚШ-тың сыртқы саясатының екінші қатардағы мүддесі – жер шарының қай жерінде болмасын бейбітшілік пен қауіпсіздік, басқарудың демократиялық тәсілдерін қорғау және бекіту.

Бірақ оларды іске асыру төмендегідей екі шартқа байланысты. Олар:

1. Қатардағы ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтірмеуі керек.
2. Қатардағы мүдделер ақылға сыйымды болуы керек.

Геосаясаттың негізін салушының бірі – неміс ғалымы Фридрих Ратцель. Ол өзінің «Саяси география» атты еңбегінде, мемлекет – бұл топыраққа тамырландырылған тірі организм деп жазады. Мемлекет – бұл кеңістікті құбылыс, сол кеңістікпен басқарылады және тіршілік етеді, оны сипаттайтын, салыстыратын, өлшейтін география деп жазады. Ол бірінші болып ірі елдерде географиялық экспансия тенденциясы пайда болатындығын айтты. Нағыз әлемдік держава оның ойынша теңізге ие елдер – Рим, Испания, Англия болады. Мемлекеттің кеңеюі немесе тарылуы – табиғи процесс, өмірлік циклмен байланысты. Фридрих Ратцель мемлекеттің кеңістіктік дамуының мына жеті принципін атап көрсетті:

- мемлекет кеңістігі оның мәдениеті дамуымен бірге өседі;
- мемлекет өсуі сауда мен қоғам өмірінің барлық саласы дамуын қажет етеді;
- мемлекет өсуі ұзақ мемлекеттерді қосып алу арқылы жүзеге асады;
- шегара – бұл мемлекеттің перифериялық органы, ол оның өсуінің, күші мен әлсіздігінің белгісі, ол оның организмне өзгеріс әкелу мүмкіндігі;
- мемлекет өзіне қоршаған ортаның ең құнды элементтерін иеленуге тырысады: жағалау аймағын, өзен аңғарын, ресурсқа бай ауданды;
- территориялық даму дамыған өркениеттен келеді;
- бірігу тенденциясы – мемлекеттің өзіндік сипаты, барлық уақытта өз күшінде болады.

Челлен автаркия заңын енгізді. Мемлекеттің өмір сүруі үшін күш маңызды фактор, ол заңнан да күшті деп санады. Оның ойынша, заңның өзі күш арқылы сақталынады. Егер заң мемлекетке адамгершілік-рационалды элементтерді енгізсе, ал күш табиғи органикалық импульстерді береді деп санады. Ол жаһандану геосаясатында үш негізгі географиялық



фактор шешуші рөл атқарады: олар кеңею, территориялық монолиттілік, еркін қозғалу. Географиялық орналасу ерекшелігі Қазақстанға белгілі бір геосаяси артықшылықтар береді, сонымен бірге геоэкономикалық көзқарасы тұрғысынан елеулі қиындықтар туғызады. Екі ірі державалар арасында ұлан-байтақ аумақта орналасқан біздің еліміз белсенді саясат жүргізудің қосымша мүмкіндігін алады. Мұндай саясат ұзақ мерзімді мүдделерді қамтамасыз етудегі табандылықпен қатар жоғары деңгейдегі ептілік пен табандылықты талап етеді. Әлемдік теңіз коммуникацияларына тікелей жолдың жоқтығы, халықтың шашырап орналасуы, аумақтың көлемімен салыстырғанда қазақстандық экономиканың ауқымының аздығы сияқты әлсіз тұстарымыз баршылық. Бір жағынан географиялық жағдайдың өзгермейтіндігі экономикалық және саяси ахуалдың тұрақтылығын білдірмейді.

Халықаралық тәртіп. Әрбір ғасырда, табиғаттың әлде бір заңына бағынатындай, халықаралық қатынастардың бүкіл жүйесін өз құндылықтарына сәйкестендіруге тырысатын қуатты ел пайда болып отыратын секілді. XVII ғасырда кардинал Ришельенің тұсында Франция халықаралық қатынастар мәселесіне сол кез үшін жаңа көзқарас ұсынды, ол ұлт мемлекет принциптеріне негізделген ұлттық мүдделерді жариялаған көзқарас болатын. XVIII ғасырда Ұлыбритания содан кейінгі 200 жыл бойы еуропалық дипломатияда үстемдік еткен күштер тепе-теңдігі тұжырымдамасын талдап әзірледі. XIX ғасырда Меттернихтің Австриясы «еуропалық концертті» қалпына келтірді, ал Бисмарктың Германиясы оны бөлшектеп, еуропалық дипломатияны күш саясатының салқынқанды ойынына айналдырды. XX ғасырда халықаралық қатынастарға АҚШ өзінің тарихи даму барысында ие болған өзіндік ерекше белгілер сыртқы саясат мәселелеріне бір-біріне қарсы екі көзқарас туындатты. Олардың біріншісінің мәнісі: демократияны өз үйінде жетілдіре отырып, Америка өз құндылықтарын барынша жақсы орнықтырады және сондықтан ол адамзаттың қалған бөлігі үшін шамшырақ қызметін атқарады; екіншісінің мәнісі мынаған саяды: құндылықтардың өзі АҚШ-ты олардың дүниежүзілік ауқымда орнығуы үшін күресуге міндеттейді.

Кеңестік коммунизмнің күйреуі американдық мұраттардың интеллектуалдық жеңісінің шыңы болды. Туындап келе жатқан халықаралық тәртіп аясында ұлтшылдық жаңа тынысқа ие болды. Ұлттар асқақ моральдық принциптерді ұстанғаннан гөрі өз мүдделерін әлдеқайда жиі күйттейтін болды, ынтымақтастық жасаудан гөрі жиі бәсекелесетін болды және дүниенің өзіндей көне тәртіп моделі өзгерді. Ел халықаралық аренаға шыққан кезде, ол жас, мықты болатын, өзінің халықаралық қатынастарға көзқарасымен әлемді келісуге мәжбүр етуге қаблетті қуатқа ие еді. 1945 жылы, екінші дүниежүзілік соғыстың соңына қарай, Құрама Штаттардың қуатты болғандағы соншалықты, оның маңдайына дүниені өз қалауынша қайта жасау жазылған сияқты болып көрінетін. 1961 жылы Джон Кеннеди бостандық мұраттарының ойдағыдай жүзеге асырылуын қамтамасыз ету үшін «Американың кез келген құн төлеуге, кез келген ауыртпалыққа төзуге» күш-қуаты жеткілікті», – деп нық сеніммен мәлімдеді. Ұлы державалар деңгейіне басқа елдер де жетілді. Еуропалық көшбасшылар орын алып отырған жүйені дағдылы әдістермен түзеуге тырысты. Вильсон өзінің атақты «Он төрт тар мағынада» еуропалықтарға халықаралық қатынастар жүйесі бұдан былай күштер тепе-теңдігі тұжырымдамасына емес, этностық өзін-өзі билеу принципіне құрылуға тиіс еместігін, қайта олардың қауіпсіздігі әскери одақтарға емес, ұжымдық қарекетке тәуелді екендігін және олардың дипломатиясы бұдан былай құпия болмауға, мамандардың құзырында қалмай, «ашық қол жеткен ашық келісімдерге» негізделуі тиісті екендігін айтып берді.

Вильсон соғыстың аяқталу шарттарын немесе орын алып отырған халықаралық тәртіпті қалпына келтіруді талқылаудан гөрі, үш ғасырға жуық қызмет еткен бүкіл халықаралық қатынастар жүйесін өзгертуге күш салды. Дүниеге осылай келген мемлекеттер бір-бірімен өзара ықпалдасуға мәжбүр болғанда, тек екі нұсқа ғана мүмкін еді: не сол топтағы мемлекеттердің бірінің күші артып кеткені соншалық, ол басқаларға үстемдік жүргізіп, империя құра алатын, не ешқайсысы да мұндай мақсатқа жету үшін жеткілікті күшті бола алмайтын. Соңғы жағдайда халықаралық қоғамдастық мүшелерінің ішіндегі ең агрессияшыл пиғылдағы ел талаптары барлық басқалардың жиынтығы, яғни күштер тепе-теңдігінің қызметі арқылы тізгінделетін болады. Күштер тепе-теңдігі жүйесі жан-жалдарға немесе тіпті соғыстарға жол бермеуді көздеген емес. Қалыпты қызмет ете отырып, ол бастапқы мағынасына сәйкес тек бір мемлекеттердің екіншілеріне үстемдік жүргізу мүмкіндігін және жанжалдар ауқымын



шектеп отырды. Оның мақсаты бейбітшіліктен гөрі тұрақтылық пен қанағатшылдық еді. Өзінің мәнісі жағынан күштер тепе-теңдігі жүйесі халықаралық қоғамдастық мүшелерінің әрқайсысын толық қанағаттандыруға дәрменсіз болатын; реніш көрген тарап қанағаттанбау деңгейін халықаралық тәртіпті құлатуға тырыспайтындай дәрежеге дейін төмендете алса ғана жүйе бәрінен жақсы жұмыс істейтін. Іс жүзінде бұл жүйе адамзат тарихында өте сирек кездеседі. Батыс жарты шарға ол мүлде белгісіз, ал осы заманғы Қытай аумағында ол соңғы рет бұдан екі мың жыл бұрын «шайқасушы патшалықтар» дәуірінің аяғында қолданылған. Ең ұзақ мерзімді тарихи кезеңдерде басқарудың әдеттегі пошымы адамзаттың басым бөлігі үшін империя болған. Империяларда халықаралық жүйе аясында қарекет жасауға ешқандай мүдде болмаған; олардың өздері халықаралық жүйе болуға тырысқан. Империялар күштер тепе-теңдігіне зәру емес. Құрама Штаттар өзінің сыртқы саясатын Америка континентінің бүкіл аумағында, ал Қытай өз тіршілігі тарихының үлкен бөлігінде Азияда – нақ солай жүргізген. Батыста жұмыс істейтін күштер тепе-теңдігі жүйесінің бірден-бір үлгісі Ежелгі Грекиядағы қала-мемлекеттер және Қайта өрлеу дәуіріндегі итальян қала-мемлекеттері, сондай-ақ 1648 жылғы Вестфаль бітімі тудырған еуропалық мемлекеттер жүйесі бола алады. Барлық жүйелердің сипатты ерекшелігі шамамен қуаты тең толып жатқан мемлекеттердің болуының нақты фактісін әлемдік тәртіптің жетекші принципіне айналдыру болды. Интеллектуалдық тұрғыдан күштер тепе-теңдігі тұжырымдамасы Ағарту дәуірінің барлық ірі саяси ойшылдарының кәміл сенімін бейнелейді. Олардың түсінігі бойынша, дүниедегінің бәрі, соның ішінде саясат өрісі бірін-бірі теңестіріп тұратын ұтымды принциптер негізінде жұмыс істеді.

Парасатты адамдардың сырттай қарағандағы бір-бірімен байланысы жоқ секілді қарекеттері жиыла келіп, баршаға ортақ игіліктерге жетелеуге тиісті болады деп саналатын. Дегенмен отыз жылдық соғыс аяқталғаннан кейін де тыйылмаған жанжалдар ғасырында бұл гипотезаның дәлелдері тым қияли сипатта болатын.

Адам Смит өзінің «Ұлттар байлығы» атты еңбегінде «белгісіз қол» индивидтердің эгоистік экономикалық іс-қимылдарынан баршаға ортақ экономикалық бай-қуаттылық шығарады деп кесіп айтты. «Федералистің» мақалаларында Мэдисон жеткілікті ірі республикада, төл мүдделерін эгоистікпен көздейтін әртүрлі саяси «фракциялар» автоматты түрде жұмыс істейтін тетіктердің көмегімен тиісті ішкі жарасымды жасап шығаруға қабілетті деп дәлелдеп бақты. Монтескье ұсынған және АҚШ Конституциясына енгізілген «билікті бөлу», сондай-ақ «тежемелер мен тепе-теңдік» тұжырымдамалары да сол көзқарасты білдіреді. Билікті бөлу мақсатты басқарудың жарасымды жүйесіне қол жеткізу емес, деспотизмге жол бермеу болатын; басқару жүйесі тармақтарының әрқайсысы өз мүдделерін көздей отырып, шектен шығушылықтан бой тартар еді де, осылайша баршаға ортақ игілікке қол жеткізу ісіне қызмет етер еді. Халықаралық қатынастарға да нақ сол принциптер қолданылды. Төл эгоистік мүдделерін көздей отырып, мемлекеттердің әрқайсысы прогреске септігін тигізер еді деп топшыланды, бұл бейне қандай да бір «көрінбейтін қол» мемлекеттердің әрқайсысы үшін таңдау еркіндігі баршаның бай-қуаттылығына айналатынына кепілдік беретін сияқты болып көрінетін.

Халықаралық қатынастардың тарихи дамуы барысында оның қатысушыларының сипаты, қызмет тәсілдері, өзара іс-қимыл көлемі айтарлықтай өзгерді. Бұл жеке мемлекетаралық іс-қимылдардың белгілі бір аймақ шеңберімен шектеліп қалуынан әлемдік жаһандануға өту белгісі. Қазіргі кезде бүкіл әлем іс жүзінде халықаралық саясат кеңістігі болып, бірте-бірте жаһандануға өту барысы аңғарылады. Ғаламдасу (жаһандану) саяси бағытымен бірге мемлекеттер арасындағы ұлттық мүдделер бәсекелестігі тұрғысындағы қатынастар қалыптасты олар, бір жағынан, бірнеше ұлы державаның даму жолындағы бірігуіне айналса, екінші жағынан, саналы түрдегі өзінің стратегиялық, перспективалық болашақтағы бірігу процесінде жетекшілік етуге мүдделі. Бұл құбылыстар жаңа халықаралық қатынастар жүйесінің қалыптасуын бейнелейді. Халықаралық жүйе – күрделі қалыптасқан жүйе; ол өзін құрайтын іс-қимылдардың бірнеше деңгейінің, әртүрлі факторлардың халықаралық қатынастарға қатысушылар арасындағы күштер салмағының, ішкі процестердің және сыртқы ортаның ықпал етуі әсерінен өзгеріп отырады. Сонымен, халықаралық жүйе – тұтастай алғанда халықаралық алаңдағы тиісті кеңістік уақыт контексіндегі қатынастардың формалды емес мекемелері бола отырып, халықаралық қатынастарға қатысушылардың тәртібі мен қызметінің нәтижесін анықтайтын





және олардың халықаралық саясаттағы рөлін, өзара іс-қимылдарын, тәсілдерін сипаттайтын құрылым.

Халықаралық саяси жүйенің қалыптасуы ұзақ уақытқа созылған бірнеше кезеңдерден өтті. Бұл жүйенің қалыптасуына шартты негіз болып халықаралық тәртіптің жетілуі саналады. «Халықаралық тәртіп» ұғымында мемлекеттер мен басқа институттардың маңызды қажеттіліктерін қамтамасыз етуге, олардың жұмыс істеуіне, қауіпсіздігі мен дамуына қажетті шарттарды жасау мен қолдауға бағытталған халықаралық қатынастар құрылымы анықталады. Халықаралық тәртіп негізін күштердің өзара айқындалған қатынасқа, қалыптылыққа кепілдік беретін халықаралық қатынастар тәртібі мен ережелерінің жалпыға бірдей мойындалған жиынтығы құрайды. Ал, халықаралық тәртіп мемлекет аралық өзара іс-қимылдарды реттеу нәтижесінде қалыптасады.